

Түркістан облысы Қазығұрт ауданының адами әлеуметтік дамыту бөлімі
мемлекеттік мекемесі «Алтын сақа» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Бекітемін

Балабақша менгерушісі

Р.Қаламбаева

АЛТЫН КҮЗ

«Балапан » ересек тобы

Тәрбиешілері: Нұрынбетова .А
Шаханова.Н

2021-2022ж

АЛТЫН КҮЗ

Музыка ойнап ,әсем безендірілген залға балалар кіріп келеді.

Жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз
Жасымызбен кәріміз,
Қырдан кепті қыдырып
Алтын күзге нұр төгіп.
Тілегім аман ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі
Молшылықтың жаршысы бола білді.
Атын күз-ырыс,береке ала келді.

Жүргізуші :

Армысыздар ағайын! Сәлеметсіздер ме,қадірлі қонақтар!Бүінгі мерекемізде ырысты Алтын күз құрметіне арналған мерекемізді бастаймыз.

Балалар бүгін бізге қонақтар келіпті қане қонақтармен амандасып алайық.

Балалар: -Сәлеметсіздер бе!

Жүргізуші :

-Балалар біз қонақтарымызға"Күз" туралы тақпақтарымызды айтайық.

1.Күздің Қазан айында,

Алма ,алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,

сыбдыр-сыбдыр түседі. (Дидар)

2. Астық дала- сәулеті,

Астық-отан дәулеті.

Біздің дала бай дала,

Алтын астық айнала. (Көшкінбай Арнұр)

Жүргізуші :

-Ал балалар әйнекке қарайықшы жылдың қай мезгілі?

Балалар:

-Күз мезгілі.

Жүргізуші:

-Күзде күн суық па ,әлде ыстық па?

Балалар:

-Суық.

Жүргізуші:

-Күзде жаңбыр жауады,жел тұрады.Жылы киімдерімізді киеміз.Солай ма, балалар.

Балалар:

-Ия,жаңбыр жауып күн суытады.

Ж-ші:

-Ортаға Алтын күзді шақырайықшы.

-Балалар қане қарайықшы бізге қонаққа Алтын күз келіпті .Алтын күз өз биін ала келіпті. Қане тамашалайық.

Алтын күз топтағы қыздармен "Күз" биін билейді.

Ж-ші:

Енді балалар біз қонақтарға өзіміздің ойынымызды көрсетейік. **"Жапырақтарды жинау"**

Балалар біз күз туралы тақпақтарды айтайық.

1. Жайдары күз, жарқын күз,

Аяулы күз, алтын күз.

Дәне толы, кең дала,

Дариядай шалқар күз. (Ердәулет)

2. Жемісі мол теретін,

Күз дос екен бізбенен.

Бәрін тауып беретін.

Жомарт екен күз деген. (Нұрасыл)

3. Сап -сары маңай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып. (Заңғар)

4. Күз келеді,

Көп жеміс піседі.

Сарғайып жапырақ,

Саудырап түседі. (Адина!)

5. Ағаштардан жамырап,

Ұшты кенет жапырақ.

Ой, алақай тамаша,

Шашу шашты жапырақ! (Қонар Айбар)

6. Келді міне, Алтын күз! *Алтын*

Сары шашты жарқын күз.

Мол өнімді ісімен,

Тандандырып халқын күз. (Раяна)

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдыңнан самал еседі.

Кіп -кішкентай ағаштар,

Біп-биік боп өседі.

-Біздің қонақтарымыз балаларымыздың **"Үйректер"** биін тамашалауын ұсынамыз.

-Енді біздер ата-аналарымызбен ойын ойнайық. **"Шарды жару"** ойыны.

Шардың ішінде ата-аналарға арналған тапсырмалар бар, сол тапсырма бойынша ата-ана орындайды.

Жұр-ші:

-Рахмет. Біздің ата-аналарымыз өте өнерлі екен.

-Күз ханшайымы балалар бізбен қоштаспақшы. Қане сау бол Алтын күз дейміз.

Алтын күз:

-Сау болыңдар! Сендерге келесі жылы қонаққа келемін.